

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



ЖАС ҒАЛЫМДАР КЕҢЕСІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

меры по укреплению института семьи. В данном случае имеет особое значение планомерная, целенаправленная работа с группами учащейся молодежи по повышению психологической компетентности, грамотности при построении семейно-брачных отношений.

Список использованных источников:

1. Евдокимова С.Л., Цветкова Н.А. Е15 Семейное воспитание. Методическое пособие для классных руковод., школьных психологов и др.школьных специалистов, 2012.- 298-310с.
2. Гребенщиков И.В. Основы семейной жизни. - М.,2006.-176с
3. Практикум по экспериментальной и прикладной психологии/Под ред. А.А.Крылова.- Л.,1990 Е.С. Шефер и Р.К. Белл.-Методика Рәгі-опросник родительских установок-298с.

ӘОЖ 316.624:613.81(576)

ЖЕТІМ БАЛАЛАРДЫ ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Ахметова Асель Абылдаевна

Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Әлеуметтік ғылымдар факультеті

Адамның тұлғалық қасиеттері аякастынан туындап, дамып қалыптаса бермейді, олар көптеген объективті де, субъективті де жағдайлардың негізінде ата-аналық махаббат, мейірім арқылы қалыптасады. Отбасы балаға өзгенің қуанышына қуану, қайғысына ортақтасу сезіміне үйретеді, көп нәрсені білуіне жағдай жасап, баланың бойында жауапкершілік қасиеттерін қалыптастырады. Жариялық дәуір қоршаған ортаның көптеген «қара дақтарын» айқындады. Соның бірі отбасынан тыс тәрбиеленіп жатқан балалар мәселесі, яғни жетімдік.

Жетімдер мен жетімханалар жайлы алғашқы мәліметтер біздің дәуіріміздің IV ғасырынан (Цареград, 335 жыл) бастау алады, ал олардың көбею кезі Еуропада XVII ғасырдың тұсы болып саналады. 1760 жылы испан елінің бір діни қызметкері «жетімханада бала көңілсіз күй кешеді және көбі қайғы мұңнан өледі» деп жазған. Егер Р.Заззо жазбаларына үңілетін болсақ француздар, бастапқыда балабақшалар мен яслидердің құрылуына қарсы болған. Олар балаларын мұндай жалпылық мекемелерде нақұрысқа айналдырады деп есептеген және сондай жағдайдың пайда болуынан сақталған. Алайда жабық типтегі балалар мекемелерінде өмір сүрудің салдары ғылыми мәселе ретінде тек XX ғасырда ғана қарастырыла бастады[1].

Жетім – бұл ата-анасы немесе шешесі (әкесі) қайтыс болған 18 жасқа толмаған бала. Жетім ұғымын әлеуметтік жетім және таза жетім деген 2 түрге бөліп қарастыруға болады. “Әлеуметтік жетімдер” дегеніміз белгілі бір себептерге байланысты ата-аналары құқығынан айырылғандардың балалары және тастанды балалар. Әлеуметтік жетімдер балалардың ерекше категориясы. Олардың рухани және адамгершілік құндылықтары, тәртіп мәдениеті туралы түсініктері теріс, себебі олар толық жанұялық тәрбие көрмеген. Оларға тән қасиеттер: агрессия, алаңдаушылық, мінездегі жат қылықтар[2].

Жетімбалалар мәселесі сонау дәуірден бері қаралып келеді. Жетімбалалардың пайда болу себептер сан-алуан, оларды болдырмаудың және де қамқорлыққа алудың көптеген жолдары мемлекет тарапынан, әлем тарапынан қарастырылып жатыр. Сонау кезеңде де, көптеген аналар бала туғандығын жасырды, балаларды өлтірді, өзенге лақтырды, көміп тастады тағы басқалай іс-әрекеттер жасап келген. Тибрден балықшылардың торларына жаңа туылған нәрестелердің өлі денелерінің ілігіп шығуының көп кездесетіндігін естіген папа Иннокентий III 998 жылы Қасиетті рух ауруханасынан 600 орындық тастандыларға арналған ерекше бөлім ашты. Өз балаларын әкелген ата-аналар ұялмауы және өз атын жасырын ұстауы үшін, бұл бөлімнің сырт қабырғасына арнайы орнатылған бесік болды. Бұған көшеден баланы

байқатпай қоюға болатын, әрі бесік баланың салмағымен үйдің топсасына қарай бұрылғанда, қоңырау соғылып, баланың келгені хабарланатын болған. Бұл амалдың арқасында ата-ана атын құпия сақтау мүмкіндігі туды. Нәтижесінде туу құпиясын сақтау үшін заң қабылданды, тастанды тегін ашып көрсеткендерді тән жазасымен жазалайтын болды. 1414 жылы автоматтандырылған бесік Флоренцияға, одан Миланға, 1804 жылы Францияға енді. Германияда он тоғызыншы ғасырдың басында тек үш тәрбие үйі ғана болды. Реформация монах орденін жойды, тәрбие үйлерінің міндетін қауымға жүктеді. XVIII ғасырға дейін Еуропаның солтүстігінде тәрбие үйлері болмады десек те болады, тек кейіннен протестанттық теріскейде тарала бастады[3].

Мысалы, Батыс Еуропа елдерінде XX ғасырдың басында негізі қаланған жетім балаларды қамқорлыққа алудың үш жүйесін бөліп көрсетуге болады:

- жетімді қамқорлыққа алуға арналған тәрбие үйі;
- жетім балаларды жеке адамдардың тәрбиелеуі;
- жалғызбасты аналарға мемлекеттік жәрдемақы беру.

Көрші Ресейде XVIII ғасырдың басына дейін заңсыз туылған балаларды қамқорлыққа алу мемлекет міндетіне кірмейтін. Ресейдегі тұңғыш тәрбиелеу үйі І Петр тұсында пайда болды. Патша бұл іске «тек адамсүйгіштік, адам өмірін құтқару тұрғысынан ғана емес, тұрғылықты халық санын өсіру тұрғысындағы «мемлекеттік іс» деп қарады. Бірақ та, Ресейде жетім балалардың мәселесін шешуге II Екатерина айтулы үлес қосты. Императрица өзінің бас жоспарында тәрбиелеу үйлерінде тексіз және қаңғыбас балаларды тәрбиелеп, Ресей үшін жаңа тектегі адамдарды дайындауды ойластырған. Дегенмен, ата-аналары шаруалар болғанына қарамастан, жетім балаларға азаттықтың берілуі Екатерина патшаның ерекше еңбегі екенін айта кету керек[4].

Қазақстанда мұндай проблема болмаған деуге болады. Себебі – рулық және туыстық қарым-қатынастар жетімдіктің пайда болуына жол бермеген. Бірақ та, Голощекин реформасы, азаматтық соғыс, жұт жылдары мен Екінші дүниежүзілік соғыс – біздің елімізде де жетімдік проблемасының пайда болуына ықпал етті. Кеңес үкіметінің алғашқы жылдарында, бірінші дүниежүзілік соғыс нәтижесінде балалардың панасыздығы үкімет және қоғамның өзекті мәселесі болып саналады. 1921 ж. Ресейде 4,5 млн. панасыз қалған бала тіркелді. Кеңес үкіметінің алғашқы жылдарында құрылған балалар үйі бірнеше жері, бау-бақшасы бар. Жақсы ыңғайлы үйлерге орналастырылды. Оның ішінде тігін, етік тігу, т.с.с. шеберханалар болды.

Ұлы Отан Соғысы жылдарында балалар үйі саны ұлғайды. Майдан облыстарынан әкелінген балалар, майданда ата-аналарынан айрылған балалар, жетім балалар үшін жаңадан мекемелер ашылды. 1945 ж. аяғында тек қайтыс болған майдангер балалары үшін 120 балалар үйлері ашылды, оның ішінде 17 мың бала тәрбиеленді. Үкіметтің «Неміс оккупациясынан босанған аймақтарда шаруашылықты қалпына келтіру бойынша шаралар туралы». (1943 жыл, тамыз) Қаулысы жетім балаларды орналастыруды қарастырды: ол үшін әрбір 500 адамға 459 суворовтық училище, арнайы балалар үйі 163000 адамға, 17500 орындық сәбилер үйі, 2 мың адамға 29 балаларды қабылдау-орналастыру үйлері құрылды[5]. Оған соғыс кезінде қайтыс болған майдангер және партизандар балалары, партия және кеңестік жұмыскерлер балалары жіберілді.

Кез келген әлемдік және жергілікті мәселелер елдің жағдайына өте ауыр әсерін тигізеді. Соғыстар, төңкерістер мен басқа қоғамдық қақтығыстар миллиондаған адамдарды бейшара халге түсіріп, аштық, эпидемияға ұшыратады, әскери, сондай-ақ қарапайым адамдардың өліміне себепші болады. Соның салдарынан жетім балалар мен қараусыз қалған балалар саны арта түседі. Қазақстанда, Голощекиннің қайта құруларында, азамат соғысы, ұлы «жұтта», екінші дүниежүзілік соғыста панасыздық жалпы халықтық құбылысқа айналды. Мемлекет қараусыз қалған балаларды, ата-ана қамқорлығынсыз қалған балалар мен жетім балаларды қарауға мәжбүр болды, әртүрлі жастағы жүз мыңдаған балаларға арналған арнайы балалар мекемесінің жүйесін ұйымдастыруды өз міндетіне алды.

Қазақстанның саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени өміріндегі елеулі тың өзгерістер балалардың жағдайынан айқын көрініс тапты. Балалардың кері бейімделуі, жастайынан ішімдік пен нашақорлыққа салынуы жалғаса берді, қараусыз қалу, бақылаусыз жүру, «әлеуметтік жетімдік» арта түсті, психикалық және дене кемістігі бар балалар мен әртүрлі қылмыстар, эксплуатация мен күш көрсетудің түр-түрлері және тағы басқа құрбаны болған балалар саны көбейе түсті[6].

Қазақстан Республикасында соңғы жылдары жетім балалар мен ата-анасынан ажыратылған, яғни олардың қамқорлығынсыз қалған балалардың жағдайы көпшілікті толғандыруда. Бұл мәселе Қазақстан Республикасының «Қазақстан-2030» даму стратегиясына сай жетім балалар үйіндегі тәрбиелініп жатқан әрбір ұрпақтың жеке адам ретінде қалыптасуының шешуші факторы ұлттық тәрбие деп көрсеткен. Жетім балалар тәрбиесіне қазіргі кезде ұлттық тәрбие тұрғысынан да көңіл бөліп, оларды тұлғалық қалыптастыру мәселесі бүгінгі күн талабы. Балалар үйінде тәрбиеленуші баланың жеке тұлғасының әлеуметтік қалыптасуының өзіндік ерекшелігі бар. Оның іс-әрекеті толығымен тәртіпке салынып қадағаланылады, бұл бала дамуында артта қалушылықты, масыл-дықты, жеке басы еркін ұйымдастырудың төменгі деңгейін туындатады. Сонымен қатар, әлеуметтендіруге байланысты ғылыми-педагогикалық әдебиеттерде әлеуметтендіру деңгейлері мен факторлары және «әлеумет-тендіру», «бейімдеу» ұғымдары бөліп қарастырылады. Оларды қоғамдық өмірге даярлауда өздерімен қатар бірге алып жүретін адамдардың қажеттігі туындайды. Олар ең алдымен әлеуметтік педагогтар, содан кейін психологтар, жалпы педагогтар. Оларды әлеуметтендіруге қиыншылық тудыратын себептерге тоқталар болсақ, олар әлеуметтік бейімделу деңгейлерінің, әлеуметтік белсенділік-терінің, әлеуметтік құзыреттіктерінің, әлеуметтік құндылықтарының қалыпта-суы төмендегідей болып отыр. Оларды әлеуметтендіру әлеуметтік педагогтар- тәрбиеші-педагог-қоғам жүйесі арқылы іске асырылуы тиіс деген тұжырым жасауға болады. Демек, жетім балаларға әлеуметтік-педагогикалық тұрғыдан көмек көрсету, өмір сүруге үйрету, өзімен қатар алып жүру әлеуметтік педагог, психологтардың, тәрбиешілердің, кәсіби іс-әрекеттерінің жүйесі болып табылады. Бұл жетім балаларды өзімен қатар алып жүру баланың бойындағы жеке қасиеттерге сүйену арқылы іске асырылады. Жетім балалардың тұлғалық әлеуметтенуіне бағытталған педагогикалық алғы шарттар жасалуы және теориялық тұрғыдан жүйеге келтірілуі, әдістемелік тұрғыдан нақты қарастыру, кезек күттірмейтін мәселе деп айтуға болады. Балалар үйіндегі тәрбиеленушілер шектеулі қарым-қатынастың шеңбе-ріндегі әлеуметтік байланыстардың тұйық жүйесінде өмір сүреді. Отбасының, білім беру жүйесінің әлеуметтендіру әсері барынша кемиді, достарымен, құрдастарымен қарым-қатынас шеңбері тарылады. Қоғам мекемедегі баланы шеттетіп, оны өзінен және де мәдени құндылықтар мен заңдылықтардан алшақтатады. Балаға қоғамнан алшақтату жағдайында әлеуметтік мәдени тәжірибені жеткізу қиындайды, ол ересек болған кезде де орны толмас тапшылық болып қалады[7].

Жетім балаларға мемлекет тарапынан қаншалықты көмек берілседе, олардың ата-анасының беретін мейрім мен шапағатына ешқандай нәрсе жетпейді. Бұл дәлелденгенде, дәлелденіп келеді де. Деседе, бұндай жағдайлардың болатынын біле тұра, көптеген безбүйрек аналар мен әкелер балаларын жетімдер үйіне тастап кетуі күннен күнге артып келеді. Бұл дегеніміз санасыз ұрпақтың санының артуының бірден-бір себепшісі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Заззо Р, Психологическое развитие ребенка и влияние среды//Вопросы психологии 1967. №2
2. Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы N 345 Заңы
3. Иванов А.И. Воспитательные дома в России.// В кн.: Вестник Европы, т.6. СПб., 1890. - 485-542 б.

4. Вопрос о призрении покинутых детей. Воспитательные дома.// В кн.: Русская мысль, 1890 № 4. - 196 б.
5. Рыбинский Е.М. Управление системой социальной защиты детства: социально-правовые проблемы. - М.: Академия, 2004. -20 б.
6. Войтенко Т.П., Миронова М.Н. Проблемы развития детей в детских домах и школах-интернатах//Вопросы психологии.-1999. №2.- 118-120 б
7. Жетім балалармен әлеуметтік жұмыс – өзекті мәселе. – Алматы: Қазақстан жоғары мектебі, 2005. – № 4. – Б.233-23

ӘОЖ 364-78-(4/8)

ҰЕҰ-НЫҢ ЖЕТІМ БАЛАЛАР МЕН ӘЛЕУМЕТТІК ЖҰМЫСТЫ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ӘДІСІ МЕН ТЕХНОЛОГИЯСЫ.

Әбдіжаппарова Айгуль Төрекұлқызы

ms.abdizhapparova@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Әлеуметтік ғылымдар факультеті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Г.Т.Урузбаева

Қазіргі уақытта отбасы балаға әлеуметтік тарихи тәжірибені, бәрінен бұрын адамдар арасындағы эмоционалдық және іскерлік қарым қатынастарды берудің негізгі көзі мен тобы болып табылады. Ал отбасында тәрбиеленбеген бала әрқашан қарым қатынаста белсенділік танытпайды. Жетімдік біздің қоғамымыздың алдында тұрған шұғыл мәселелердің бірі. Жетімдік мәселесінің кең таралуы қазіргі таңда көптеген елдерге тән мәселе болып тұр. Бүкіл елдерде мұндай балаларды әр түрлі атайды: «қабыл алмаған балалар», «қазыналық бөбектер», «тастау үшін туылғандар», «мәңгі жағадан туылғандар». Жетімдік фактор ретінде баланың оны қоршаған әлеуметтік ортамен, ересектер мен құрдастар әлемімен эмоционалды байланысты бұзып, екінші қайтара терең физиологиялық, психологиялық, және әлеуметтік дамудың бұзылысын тудырады. Балалықты әлеуметтік педагогикалық қолдау жүйесі ата-ана қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған арнайы әлеуметтік педагогикалық мәселені құруды міндеттейді. Мұндай мекемелерге қажеттілік «тәуекелділік топтары» балаларының көптеген деңгейлері пайда болуымен шартталған. Типтік білім беру мекемесінде жетім балалардың келесідей титері кездеседі: ата ана қамқорлығынсыз қалған жетім балалар; тұрақты үйі мен тіркелуі жоқ жетім балалар; қашқын балалар, түрлі жәбір көретін нашар халдегі отбасында тұратын жетім балалар, отбасы немесе қоғамда дағдарысты жағдайларда жүрген жетім балалар. Басқалар олардың мәселелерін шеше алмайды. Бұл балалардың дамуы үшін қажетті өмір деңгейіндегі құқықтары бұзылған. Осы тұста ҰЕҰ тарапынан болатын көмектер балаларды қосымша құқықтық тәрбиелеу, қоғамдағы нашарлық әдеттерден тию, жетім балаларды түрлі әлеуметтік дерттерге түсуден сақтайды және үлкен көмек береді. Психология-педагогика ғылымы тұрғысынан, жетімдік – ата-ана қамқорлығынан айырылған кәмелетке толмаған балалардың өмірлерінің бейнесін сипаттайтын жағымсыз әлеуметтік құбылыс.

Л.Олиференко пікірі бойынша, әлеуметтік жетімдім әлеуметтік-экономикалық, сонымен қатар имандылық өнегелік себептер бойынша ата-ана қамқорлығынан айырылған ерекше әлеуметтік демографиялық 0-18жасқа дейінгі балалар тобы, яғни, бұл ата-ана құқығынан айырылған, ішімдік, нашарлық, және т.б психологиялық ауытқулардан азап шегетін, өз балаларынан бас тартқан ата-аналардың балалары[1]. Жетім балалардың жекелік ерекшеліктерін И.Дубровина, С.Забрамная, Е.Казакова, М.Лисина, В.Мухина, А.Прихожан, А.Рузская, Е.Стребелева, Л.Шипицина және басқа да көптеген ғалымдар жан жақты зерттеп келген.